




ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ


**ІРІКТЕУ КОМИССИЯСЫ
ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

| | | |
|--|--|------------------------|
|  КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ | «Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ | 1-нұсқа: 30.05.2024 |
| | ІРІКТЕУ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ | 1 стр. |

МАЗМҰНЫ

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Жалпы ережелер | 2 |
| 2 | Іріктеу комиссиясының негізгі мақсаттары мен міндеттері | 3 |
| 3 | Іріктеу комиссиясының жұмысын қалыптастыру және ұйымдастыру тәртібі | 3 |
| 4 | Іріктеу комиссиясының жұмыс тәртібі | 4 |
| 5 | Қорытынды ережелер | 5 |



| | | |
|--|--|------------------------|
|  КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ | «Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ | 1-нұсқа: 30.05.2024 |
| | ІРІКТЕУ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ | 2 стр. |

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы Іріктеу комиссиясы туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) білім алушыларды шығармашылық бағыттағы білім беру бағдарламаларына қабылдауды өткізу кезеңінде құрылатын Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Қазақ ұлттық өнер университеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі-Университет) іріктеу комиссиясының мақсаттарын, негізгі міндеттерін, қалыптастыру тәртібі мен өкілеттіктерін айқындайды.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленді:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ "Білім туралы" Заңына;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына.


1.3 Іріктеу комиссиялары Университетке білім алушыларды білім беру бағдарламаларына қабылдауды өткізу кезеңіне Университет ректорының бұйрығымен құрылады:

- бастауыш, негізгі орта білім беру мектебі (дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернатқа);
- техникалық және кәсіптік білім беру (колледжге);
- жоғары білім (бакалавриатқа).

1.4 Іріктеу комиссиялары құрылады:

1) келесі бағыттағы білім беру бағдарламалары бойынша:

- эстрада өнері;
- драма театры мен кино әртісі;
- музыкалық театр әртісі;

| | | |
|--|--|------------------------|
|  КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ | «Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ | 1-нұсқа: 30.05.2024 |
| | ІРІКТЕУ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ | 3 стр. |

- операторлық өнер;
- анимациялық фильмнің режиссурасы;
- кинотану;

2) білім беру бағдарламалары тобы бойынша:

- дизайн сценография, кескіндеме, мүсін, сәндік өнер, дизайн;
- өнертану, музейтану;
- театртану, кинотеледраматургия;
- көркем фильм, деректі фильм, теледидар режиссурасы, кино өндірісі.

1.5 Іріктеу комиссиясы мүшелерінің қызметін бақылауды қабылдау комиссиясының төрағасы жүзеге асырады.

2 ІРІКТЕУ КОМИССИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 Университеттің іріктеу комиссиясы өз жұмысын келесі мақсатқа сәйкес жүзеге асырады: алдын ала бақылау жүргізу, оның нәтижесі дайындық деңгейі Университеттің білім беру бағдарламаларының әрқайсысы бойынша қабылдаудың белгіленген талаптарына сәйкес келетін адамдарды қабылдау емтихандарына жіберу болып табылады.

2.2 Іріктеу комиссиясының негізгі міндеттері:

- Университетте оқуға дайындық деңгейін анықтау үшін әлеуетті талапкермен сұхбат өткізу;
- таңдалған білім беру бағдарламасына қабылдау талаптарына сәйкес әлеуетті талапкердің кәсіби дайындық деңгейін анықтау.

3 ІРІКТЕУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

3.1 Іріктеу комиссиясы Университет ректорының бұйрығымен құрылады және оның төрағасын қоса алғанда, тақ санды мүшелерден тұрады.

3.2 Іріктеу комиссиясының дербес құрамы қабылдау емтихандарын өткізу кезеңіне сайланады.


3.3 Іріктеу комиссиясының құрамына Университет педагогтары кіреді.

3.4 Іріктеу комиссиясының құрамына емтихан немесе апелляциялық комиссияның мүшелері кіруі мүмкін.

3.5 Іріктеу комиссиясының құрамынан төраға және хатшы сайланады.

3.6 Іріктеу комиссиясының шешімі, егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі.

3.7 Шешім қабылдау бойынша дауыс беру ашық түрде өткізіледі.

| | | |
|--|--|------------------------|
|  КАЗАХ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ | «Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ | 1-нұсқа: 30.05.2024 |
| | ІРІКТЕУ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ | 4 стр. |

3.8 Талапкерді шығармашылық емтихандарға жіберу жөніндегі шешім қатысып отырған комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады. Іріктеу комиссиясы мүшелерінің дауыстары тең болған кезде төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

3.9 Іріктеу комиссиясының жұмысы төраға және комиссияның барлық қатысып отырған мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

3.10 Отырыстың хаттамасын және талапкер үшін белгіленген нысандағы құжаттарды тапсыруға рұқсатты іріктеу комиссиясының хатшысы ресімдейді.

4 ІРІКТЕУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

4.1 Іріктеу комиссиясы Университетке оқуға құжаттарды қабылдау кезінде бекітілген кесте бойынша комиссия отырыстарын өткізеді.

4.2 Талапкерлер таңдалған білім беру бағдарламасына құжаттарды қабылдауға рұқсат алу үшін іріктеу комиссиясының отырысына келуге тиіс.

4.3 Талапкер тікелей кезек тәртібімен іріктеу комиссиясының отырысы өткізілетін аудиторияға кіреді.

4.4 Талапкер әрбір білім беру бағдарламасына қабылдануға қойылатын талаптарға сәйкес өзінің дағдыларын көрсетуі тиіс.

4.5 Іріктеу комиссиясы талапкерлердің қабілеттері мен бейімділіктерін объективті бағалауды қамтамасыз етеді.

4.6 Талапкердің іріктеу комиссиясынан тек 1 рет өтуге құқығы бар.


4.7 Іріктеу комиссиясының құрамына кірмейтін адамдардың осы комиссия қызметінің мәселелері бойынша іріктеу комиссиясының мүшелеріне қандай да бір нұсқаулар беруге құқығы жоқ.

4.8 Алдын ала іріктеудің нәтижелері бойынша комиссия құжаттарды тапсыруға және шығармашылық емтихандарға қатысуға рұқсат беруге немесе қабылдамау құқылы.

4.9 Рұқсат беруге берілген жұмыстарды талқылауда бөгде адамдарға жол берілмейді.

4.10 Іріктеу комиссиясы талапкерге оны қабылдау нәтижелері туралы ауызша түсініктеме береді.

4.11 Алдын ала іріктеуден сәтті өткен кезде комиссия талапкерге қабылдау комиссиясының құжаттарын тапсыруға рұқсат береді. Рұқсат бермеу талапкердің дайындық деңгейі Университеттегі осы білім беру бағдарламасында оқу талаптарына сәйкес келмейтінін және талапкердің қабылдау емтихандарын тапсыруға жіберілмейтінін білдіреді.

| | | |
|--|--|------------------------|
|  КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ | «Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ | 1-нұсқа: 30.05.2024 |
| | ІРІКТЕУ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ | 5 стр. |

5 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Осы ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді және жаңасымен ауыстырылғанға дейін қолданылады.

5.2 Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстары негізінде Ғылыми кеңес ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады.

